

## Шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режимін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Баянауыл ауданы Ұзынбұлақ ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 07 наурыздағы N 3 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 26 наурызда N 3739 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл ауданы Ұзынбұлақ ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 26 мамырдағы N 4 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл ауданы Ұзынбұлақ ауылдық округі әкімінің 26.05.2014 N 4 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Заңының 35-бабы, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі " Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес **ШЕШІМ қ а б ы л д а й м ы н :**

1. Ұзынбұлақ ауылдық округінің Ақши ауылында және кадастрлық нөмірі N 14-205-103-007, жер учаскесінің көлемі 613,8 га аумағындағы ауыл шаруашылық малдардың құтырма ауруының эпизоотиялық ошағы анықталуына байланысты, шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық р е ж и м і б е л г і л е н с і н .

2. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Баянауыл аудандық аумақтық инспекциясының мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторы Р. Нұрғалиевке (келісім бойынша) көрсетілген іс-шаралары талаптарының орындалуына бақылауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Ұзынбұлақ ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы ветеринариялық инспекторы Қ. Омаров сауықтыру іс-шараларын өткізуді ұйымдастырсын.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Округ әкімі*

*А. Мұқанов*

**" К Е Л І С І Л Д І "**

**Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Баянауыл аудандық аумақтық инспекциясының**

инспекторы  
07 наурыз 2014 ж

мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық  
Р. Нұрғалиев

"Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың  
құқықтарын қорғау агенттігінің Павлодар  
облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау  
департаментінің Баянауыл аудандық  
тұтынушылардың құқықтарын қорғау  
басқармасы" республикалық мемлекеттік  
мекемесі басшысының міндетін

атқарушысы  
07 наурыз 2014 ж

Т. Н. Ишанова

басшысы  
07 наурыз 2014 ж

"Баянауыл ауданының ветеринария  
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің

Н. Т. Дәулетов